



# Наурыз – Халықаралық әйелдер күні



Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университеті

# QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық  
1948 жылдың  
20 сәуірінен шыға  
бастады

№5 (1831)  
5 наурыз  
2022 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU\_FARABI

## Әйел-Ана – береке-бірліктің шырақшысы



Сіздерді 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Көктем нұрымен бірге келген шырайлы мереке көңілдеріңізді гүлге, жандарыңызды шуаққа бөлесін.

Сіздер біздің қоғамдағы бірліктің, жасампаздық пен тұрақтылықтың бейнесіне айналдыңыздар.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Егемен елімізде әйелдер қауымы үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашылды. Әйелдердің шығармашылық және кәсіби біліктіліктерін арттыру үшін барлық жағдай жасалуда. Алдағы уақытта талантты да талапты әйелдер қоғамдық-саяси өмірдің түрлі саласында зор жетістікке жететініне сенемін», – деп атап өткен болатын.

Ел Президенті биылғы 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялады. Бұл орайда, бала тәрбиелеп, ұрпақ өрбітіп отырған аналарға қамқорлық та, құрмет те айрықша болуы керек.

Қазіргі кезде білім беру саласында әйел-ұстаздардың, әйел-ғалымдардың үлесі басым. Бүгінгі күні ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлық құрамында 1725 қыз-келіншек жұмыс атқарады.

Олар жалпы ғалымдар санының 63 пайызын құрайды.

Оның ішінде 324 ғылым докторы, 601 ғылым кандидаты, 286 PhD докторы, 1 ҚР ҰҒА академигі және Қазақстан Жоғары мектебі Ұлттық ғылым академиясының 2 корреспондент-мүшесі бар.

### Құрметті арулар!

Әйел-Ана – отбасының ұйытқысы, береке-бірліктің шырақшысы. Қазақ халқы «Әуелгі байлық – денсаулық, екінші байлық – он саулық, үшінші байлық – ақ жаулық» деп, аналарымыздың қадір-қасиетін ерекше дәріптеген.

Үйлеріңізден қуаныш кетпесін, бала-шағаларыңыздың болашағы жарқын, азаматтарыңыз аман болсын!

Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

Мерекелеріңіз құтты болсын!

Құрметпен  
Жансейіт Қансейітұлы  
ТҮЙМЕБАЕВ,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
Басқарма Төрағасы – Ректоры



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде филология ғылымының докторы, профессор Мархабат Томановтың 90 жылдығына арналған «Түркітанудағы диахрондық парадигма» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті.

## Мархабат Томановтың 90 жылдығы атап өтілді

Жиынға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, белгілі ғалымдар, АҚШ, Әзірбайжан, Түркия, Тәжікстан, Грузия түркологтары, М.Томановтың ұрпақтары, университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері қатысты.

Университет басшысы Жансейіт Түймебаев конференцияны құттықтау сөзбен ашып, М.Томановтың қазақ тіл білімі мен түркітанудың дамуына қосқан үлесін ерекше атап өтті.

– Мархабат Томанов – менің ұстазым. Ғалым қазіргі қазақ тілінің син-



таксисі мен стилистикасы, қазақ тілінің тарихи грамматикасы, ежелгі түркі жазба ескерткіштерінің тілі саласында жемісті еңбек етті. Филология ғылымының докторы орыс-қазақ сөздіктерін құрастыруға белсене қа-

тысты. Қазақ мемлекеттік университетінде «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» тақырыбында дәріс оқып, білімді шәкірттер тәрбиеледі, – деді университет басшысы.

Жалғасы 2-бетте

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кеңесінің кезекті отырысы университетті халықаралық рейтингтерде ілгерілету және білім беру бағдарламаларының өзектілігін арттыру мәселелеріне арналды. Отырыс стратегиялық даму орталығының директоры Г.Минажеваның баяндамасынан бастау алды.

## Жаңа білім беру бағдарламалары әзірленеді


Жетекші халықаралық рейтингтердегі жоғары оқу орнының мәртебесі оның ғылыми-білім деңгейін, әлемдік кеңістіктегі жетістіктері мен бәсекеге қабілеттілігін айқын көрсетеді. Спикер атап өткендей, QS World University Rankings жаһандық рейтингінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ биылғы көрсеткіш бойынша 175-орында тұр. Университеттің бұл деңгейі төмендегідей көрсеткіштер арқылы анықталған: академиялық бедел (40%), жұмыс берушілер арасын-



дағы бедел (10%), оқытушылар мен студенттер санының арақатынасы (20%), бір қызметкерге дәйексөз келтіру саны (20%),

шетелдік оқытушылар үлесі (5%) және студенттер үлесі (5%).

Жалғасы 2-бетте



Американский  
криминолог  
обучает  
докторантов КазНУ

4



Микробалдырлар  
әлемдік  
өнеркәсіпті  
өзгертпек

5



Верной тропой  
по стопам  
славных  
родителей

6



## Академик Өмірбек Жолдасбеков рухына ТАҒЗЫМ

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде халқымыздың көрнекті тұлғасы, мемлекет және қоғам қайраткері, академик Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтің ескерткішіне гүл қою рәсімі өтті. Дәстүрлі түрде 1 наурыз күні өтетін шараға Өмірбек Жолдасбековтің ұрпақтары мен замандастары, білім ордасының оқытушы-профессорлары және студенттері қатысты.**



Саналы ғұмырын білім мен ғылымды көтеруге арнаған қайраткер тұлғаның туғанына биыл 91 жыл толып отыр. Ескерткіш алдында жиналғандар жоғары оқу орнының дамуына қосқан қомақты үлесі үшін Өмірбек Жолдасбековтің рухына тағзым етіп, білім мен қоғамға өлшеусіз еңбек сіңірген тұлғаны еске алды.

Өмірбек Арысланұлы Жолдасбеков 1970-1986 жылдары университетте ректор болып қызмет атқарды. Білім ордасын басқарған тұста академик ҚазҰУ қалашығының негізін қалап, жоғары оқу орнын жаңа деңгейге көтерді. Оқытушы-ғалымдар мен қызметкерлерге жағдай жасалып, шетелдің үздік мамандары шақырылды. Ғалымның басшылығымен ЖОО-да жаңа зертханалар, кафедралар, ғылыми орталықтар, сондай-ақ Қазақстан ұлттық инженерлік академиясы құрылды. Өмірбек Арысланұлының ашқан ғылыми жаңалықтары, ізденіске толы еңбектері Қазақстанда ғана емес, әлемдік ғылыми ортада да кеңінен мойындалды. Қажырлы да табанды еңбегінің арқасында механик-ғалымдардың тұтас бір шоғырын тәрбиелеп шығарды.

Шара барысында білім мен ғылымның дамуына сүбелі үлес қосқан Өмірбек Арысланұлының замандас әріптестері мен шәкірт-



тері сөз алып, өз естеліктерімен бөлісті.

Өмірбек Жолдасбековтің ғылымды ұйымдастырудағы бастамаларын бүгінгі ұжым жаңа бағытпен жалғастырып келеді. Қазіргі ҚазҰУ әлемдік рейтингтерде көшбасшы оқу орындары қатарында. Ғалымдарымыздың еңбегін әлемге танытуда ауқымды жұмыстар атқарылып, университет қалашығы жаңа заман талабына сай түрленіп келеді. Оқу ғимараттары мен жатақханалар күрделі жөндеуден өтті.

**Гүлзат ТАБЫН**



## Мархабат Томановтың 90 жылдығы атап өтілді

Соңы. Басы 1-бетте

Сондай-ақ Жансейіт Қансейітұлы Мархабат Томанов сынды көрнекті ғалымдардың еңбектерін зерделеу және насихаттау маңызды екенін атап өтті. Жиында филология факультетінің деканы Баян Жолдасбекова құттықтау сөз сөйледі.

– Осыдан 10 жыл бұрын филология факультетінде профессордың 80 жылдығына орай, М.Томанов атындағы аудитория ашылған болатын. Біздің мақсатымыз ұлы ғалымның есімін жаңғырту болды. Жастарымыз осындай көрнекті тұлғалар туралы білуге тиіс. Оның еңбектері өскелең ұрпақ үшін бай мұра. Ғалымның баға жетпес ғылыми жұмыстары қазақ тілінің болашақ ғылыми-теориялық дамуына ұзақ уақыт қызмет етеді деп есептеймін, – деп атап өтті профессор Баян Өмірбекқызы.

Сонымен қатар онлайн форматта Башкент универси-



тетінің профессоры Сүйер Екер және АҚШ-тың Мадисон университетінің профессоры Schamiloglu Uli сөз сөйледі. Олар М.Томановтың құнды еңбектерінің ерекше рөлін атап өтіп, конференция қатысушыларына табысты және жемісті жұмыс тіледі.

Кеңес барысында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің төрт студентіне профессор Мархабат То-

манов атындағы стипендия тағайындау туралы сертификаттар тапсырылды. Оларды көрнекті ғалымның қызы Нүрия Мархабатқызы табыс етті.

Конференция жұмысы панельдік пікірталастармен аяқталды.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі**

## Жаңа білім беру бағдарламалары әзірленеді

Соңы. Басы 1-бетте

2021 жылы ҚазҰУ әлемнің үздік университеттерінің QS рейтингінде түлектердің жұмысқа орналасуы бойынша ТОП-201-250 қатарына енді. «Жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі» көрсеткіші бойынша университет әлемде 55-орында. Баяндамада спикер университеттің QS BY SUBJECT пәндік рейтингіндегі жағдайы туралы мәліметтерге де тоқталып, «гуманитарлық ғылымдар» бөлімінде – 156-орынға және «әлеуметтік ғылымдар» – 257-сатыға ілгерілегенін атап өтті. ЖОО жетістіктерінің бірі – QS халықаралық рейтинг агенттігі 2021 жылы 17 наурызда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Five Stars артықшылық белгісіне ие болғанын ресми түрде жариялады.

Жиын барысында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев көптеген ғылыми бағыттар бойынша айтылып кеткен көрсеткіштерді талдай отырып, олардың қатарындағы дәйексөз индексі және т.б. көрсеткіштер бойынша жұмыстарды одан әрі нығайту керектігіне тоқталды.

«Халықаралық рейтингтерде ілгерілету жұмысы ЖОО-ны дамытудың стратегиялық маңызды мәселесі болғандықтан, осы бағыттағы жұмысты жұмыла отырып күшейту қажет», – деп атап өткен ректор факультет декандарына аталған мәселені бақылауға алуды тапсырды.

Будан әрі білім беру бағ-



дарламаларының өзектілігін арттыру шаралары туралы Оқу-әдістемелік бірлестігінің (ОӘБ) ғылыми хатшысы А.Сырғақбаева егжей-тегжейлі баяндап берді. Университет ректоры Жансейіт Түймебаев еңбек нарығында суранысқа ие, экономиканың қажеттіліктеріне сай жауап беруге қабілетті, ғылым тоғысындағы жаңа буынның білім беру бағдарламаларын әзірлеуді міндеттеді. Спикер тарапынан алда шешілетін мәселелер де айтылды. Солардың бірі – үш жылға іріктеусіз білім беру бағдарламалары; факультеттерде шағын жинақталған топтар мен теңгерімсіз контингент; қайталанатын және өзекті емес пәндер; кітапхана ресурстарымен қамтамасыз етілуі және т.б.

Осы және басқа да мәселелерді шешу үшін білім беру бағдарламаларының өзектілігін қамтамасыз ету, қайталанатын пәндерді және шағын топтарды жою қажеттігі туындап отыр.

Сонымен қатар факультеттерде білім беру бағдарламаларын әзірлеп және жүзеге асыру бойынша сапалы жұмысты ұйымдастыру, 2022-2023 оқу жылында жаңартылған білім беру бағдарламаларын дайындау үшін сапалы профессорлық-оқытушылық құрамын қалыптастыру бойынша қажетті шараларды қабылдау қажет.

Ғылыми кеңестің отырысы барысында диссертациялық кеңестерге жаңа білім беру бағдарламаларын енгізу (спикер – ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректордың м.а. Х.Тасыбеков), Қаржы және есеп кафедрасының профессоры Ф.Ердәулетованың «Accounting, audit and analysis in pawnshops» атты оқу құралының Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы РОӘК ОӘБ ұсынысы және ЖОО ғалымдарының монографияларын жариялау туралы ұсыныстары (спикер – бас ғалым хатшы Л.Шайкенова) қаралды.

**Гүл БАЯНДИНА**



# Арулар – асыл жандар

Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында университетіміздегі оқытушы-профессорлар мен студенттерді, білім ордасының басқа да салаларында еңбек етіп келе жатқан қыз-келіншектерімізді жақыннан таныстыруды мақсат еттік. Олар өз еңбегімен, білімімен, күш-қайратымен еліміздің дамуына өзіндік үлесін қосып келеді.

## Ғұмырын ғылымға арнаған жан



Көрген тәрбиесімен, алған білімімен өзгелерден оқшау тұратын жандар болады. Атықарған еңбегі, тындырған ісі ол адамды өзгелерден даралап тұрады. Сол даналығымен жол бастап шәкірт тәрбиелейді. Кез келген салада болсын, жалпы өмірдің өзінде әр адамның өзінің ұстазы, бағыттаушысы болады. Біз үшін осындай дара тұлға, өршіл жан – Ажар Жұбанова.

Ажар Ахметқызы ғылымдағы жұмыстары микробиологияның негізгі объектісі – микроорганизмдерді пайдаланудың әртүрлі тиімді

бағыттарын іздестіру. Бүгінде Жаратылыстану ғылымдарының академигі, биология ғылымдарының докторы Ажар Ахметқызы Қазақстанның ең мықты білім мен ғылымның қарашаңырағы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің биология және биотехнология факультеті, Биотехнология кафедрасының құрметті профессоры. Ғылым мен білім жолындағы зор еңбегі үшін А.Жұбанова «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Астананың 10 жылдығы» төсбелгілерінің, «ЖОО-ның үздік оқытушысы» атағының иегері. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Үлкен Күміс», «Үлкен Алтын» медальдарымен және «Құрмет» орденімен марапатталған.

Ажар Ахметқызын өмірден тоқығаны мол, кемел ойлы тұлға ретінде жақсы білеміз. Жүрегі кең, жаны жомарт, қамқор да талапшыл басшы, аяулы ана, атына заты сай ұлағатты ұстаз. Еңбекте де, өмірде де жастарға, жанында жүрген әріптестеріне берер ақылы, өнегелі тәрбиесі мол кемеңгер ұстаз мыңдаған шәкірт дайындады. Біз университетіміздегі осындай ғалымдарымызбен мақтанамыз.

## Қолдау бәсекелестік қабілетті арттырады



Университет қызметкерлері мен студенттері үшін үздік болу үрдісі үзілген емес. Мәселен, республикалық деңгейде «ЖОО ең үздік оқытушысы – 2021» байқауында топ жарған 150 оқытушының 25-і ҚазҰУ-дан болатын. Оның ішінде химия ғылымдарының кандидаты, Аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасының доценті Ақбота Әділбекова да бар. Ол химия және химиялық технология факультетінде 21 жыл бойы үздіксіз еңбек етіп келеді. Заман ағымынан алда келе жатқан оқытушымыз лекция, семинарлар және зертханалық сабақтарды үш тілде жүргізеді. Студенттер үшін көптеген

оқулық және оқу-әдістемелік құралдар жазып, шәкірттерінің білім туңғығына тереңдеуіне жол салуда. Жыл сайын оқытушылардың кәсіби қызметіне арналған әр түрлі курстарға (Coursera, Future Learn, Өрлеу, ДОТ және т.б.) қатысып, өз біліктілігін жетілдіріп отыратын жасампаз ұстаз. Оқытушылық жұмыспен қатар, ғылыми жұмысты да қатар атқарып жүрген Ақбота Әділбекова халықаралық Scopus базасына, Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған тізімдегі журналдарда ғылыми мақалалары жарияланып тұрады. Үздік оқытушы 2012 жылдан бері «ҚазҰУ Хабаршысының» жауапты хатшысы және редакциясының мүшесі ретінде қазақ ғылымының өрге домалауына өз үлесін қосуда.

– Қазіргі таңда ҚазҰУ оқытушыларының еңбекақысы көбейді, еңбек жүктемеміз қайтадан қарастырылды. Бұл факторлардың барлығы оқытушыларды кәсіби дамуға және білім беру сапасын арттыруға ынталандырады. Сондай-ақ, ғалымдарды қолдауға бағытталған осындай іс-шаралар әр түрлі байқауларға, гранттарға қатысу үшін бәсекелестікке қабілеттілікті арттырады, – деп ағынан жарылды Ақбота Оразбақызы.



ҚазҰУ-ды отандық ғылымның алдыңғы шебінде көруімізге себепкер жанның бірі – механика-математика факультеті Механика кафедрасының меңгерушісі Зәуре Рақышева. Ол білім ордасының шетелдік жоғары оқу орындарымен және халықаралық деңгейде танымал ғалымдармен етене жұмыс істеу жолында үлкен еңбек

сiңiрiп келедi. Осы сөзiмiзге дәлел ретiнде З.Рақышеваның басшылығымен Жапонияда Токио университетiмен, Оңтүстiк Кореядағы Korea Advanced Institute of Science and Technology-

KAIST, Америка Құрама Штатындағы Embry-Riddle University, Ресейдегі Самара университетiмен меморандумдар бекiтiлгенiн айта кеткендi жөн санаймыз.

Сондай-ақ Зәуре Баянқызы 2013-20 жылдары халықаралық Еуроодақ жобасының ұлттық координаторы болып қызмет етті. ҚазҰУ-да 2009 жылдары «Ғарыштық техни-

ка және технологиялар» мамандығын ашудың және оны жетiлдiруде өлшеусiз үлес қосқан ғалым. Ол 2007 және 2018 жылдары «Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері атанды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің білім беру саласындағы, ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы, кадр даярлаудағы және оқу-әдістемелік әдебиеттер шығарудағы сiңiрген қажырлы еңбегінің арқасында 2019 жылы Зәуре Рақышева «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» деген төсбелгімен марапатталды.

## Жауапкершілік – басты қағида

Күлән Оразбекқызы – Ректорат ғимаратының жетекшісі. Еңбекқорлығымен көпшілікке үлгі бола білген өзінің маманы. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да қызмет етіп келе жатқанына 20 жылдан астам уақыт болған. Осы уақыт аралығында Күлән Оразбекқызы оқу ордасына еткен елеулі еңбегі үшін көптеген марапаттар мен медальдардың иесі атанды.

– Киелі шаңырақ ҚазҰУ – тарихқа айналған тұлғалардың оқу ордасы. Хас таланттар, білікті мамандар, жасампаз ғалымдар шыққан осы университетте жұмыс атқару, ол – халыққа қызмет ету деп білемін. Тарих туңған білім ордасынан еліне еңбегі сіңетін әлі де есепсіз білімді жандар шығатыны кәміл. Қай бағытта болсын университетіміздің өркендеп, дамуы

– білім ордасында қызмет атқаратын, оқитын әрбір жанның абырой, беделі. Ал университетті өркендеуі үшін әрбір қызметкер өз саласында аянбай еңбек етуі қажет. Міне, осы үдеден шығу жолында жұмысқа жауапкершілікпен қарау – әрқайсымыздың азаматтық борышымыз, – деді ректорат коменданты.

Күлән Оразбекқызы 20 жыл ішінде ешқандай сөгіс алмағанын, керісінше, көпке үлгі бола білгенін қуана жеткізді. Ол қаншама жылдық еңбек жолында университет басшылығының ауысқанына, оқу ордасының түрлі өзгерістеріне куә болғанын тілге тиек етті.

– Қазіргі таңда оқу ордасында ауыз толтырып ай-



тарлықтай өзгерістер жетерлік. Оқу корпустары мен жатақханалар күрделі жөндеуден өткізілді. Ұстаздар мен барлық қызметкерлердің жалақысы өсіп, студенттердің шәкіртақысы көтерілді. Барлық техникалық персоналдарға назар аударып, азды-көпті еңбегін елеп-ескеріп жатқан оқу ордасының басшылығына алғысымыз ұшан-теңіз, – дейді Күлән Оразбекқызы.



Химия және химиялық технология факультетінің 4-курс студенті және студенттік деканы Наргиз Қуанышбай үздік тәлімгер. Ол білім-ғылыммен айналысып қана қоймай, белсенді студенттік

## ҚазҰУ-дың қарлығаштары

өмірге атсалысқан аруларымыздың бірі. ҚазҰУ-дың шәкірттерге ұсынған мүмкіндіктерінің әсерінен Ыстықкөлге сапарлап, Нұр-Сұлтан қаласындағы Елбасы кітапханасында өткен «Болашаққа бастау өзіңнен басталады» конференциясына, семинар-тренингке қатысып қайтқан ол өз пікірімен бөлісті.

– Екі жыл студенттік декан қызметінде болып факультетіміздің алға қарыштауына белсене атсалыстым. «Жа-

лын», «Студенттік көктем» салыстарынан гран-при алған болатынбыз. Одан бөлек, қазіргі таңда РФММ мектебінде практикадан өтіп жатырмын. Ол жақта да ҚазҰУ студенті ретінде қара шаңырақтың абыройына лайық болуға атсалысудамыз. Сондай-ақ, жемқорлыққа қарсы күрес бойынша ұйымдастырылған сайыста «Ең үздік аргумент» номинациясы, «Фараби әлемі» ғылыми конференциясының қатысушысы, 2 жыл ішінде ректор алғыс хатымен марапатталдым, – дейді ол.




За тридцать лет Независимости КазНУ имени Аль-Фараби превратился во флагмана среди казахстанских высших учебных заведений. Ученые КазНУ обогатили отечественную науку новыми, поистине фундаментальными исследованиями. Поездки наших ученых зарубеж, приглашения иностранных ученых для чтения лекций – стали обыденным делом. За это время университет подготовил сотни докторов РНД, ученых новой формации нашей независимой страны.

Студенты, магистранты и докторанты КазНУ участвуют в научных проектах, развиваются в ногу со временем, вносят свои вклады превратить alma mater в исследовательский вуз. Открыты новые учебные программы, введены современные траектории образования, открыты группы с английским языком обучения. В корне изменилась образовательная парадигма, так как все обучение исходит из приоритета компетенций. Теперь перед ВУЗом стоят новые амбициозные задачи – развивать научную базу университета, привлекать зарубежных ученых. В КазНУ используются результаты прорывных исследований и технологий, проводятся работы по анализу достижений ученых университета на мировом уровне. Один из приглашенных ученых в КазНУ имени Аль-Фараби – американский криминолог Кевин Майкл Бивер. Он с 2020 года консультирует докторантов юридического факультета в написании докторских диссертаций и активно участвует в их научно-исследовательской работе в области уголовного права, криминологии и уголовного процесса.

## Американский криминолог обучает докторантов КазНУ

Доктор Кевин М. Бивер уроженец города Кливленд, штат Огайо, США. С 1996 года по 2000 год Кевин М. Бивер обучался в Университете Огайо и окончил со степенью бакалавра социологии. В 2001 году получил степень магистра в области уголовного правосудия в Университете Цинциннати, Огайо, защитив магистерскую диссертацию на тему: «Влияние брака, занятости и образования на отказ от марихуаны: изучение влияния изменений в жизни». Также в 2006 году Кевин М. Бивер получил степень доктора философии в области уголовного правосудия в Университете Цинциннати. Докторская диссертация была посвящена теме «Пересечение генов, окружающей среды, преступности и правонарушений: продольное исследование правонарушений». В 2006 году был принят на работу преподавателем кафедры политологии и уголовного правосудия в Университете Северного Кентукки. В том же году он был принят доцентом в Государственный университет Флориды, в 2010 году стал адъюнкт-профессором. На данный момент Кевин М. Бивер (Kevin M. Beaver) является американским криминологом и профессором криминологии в Колледже криминологии и уголовного правосудия Университета штата Флорида, где он также является директором программы дистанционного обучения.

В 2020-2021 учебному году Кевин М. Бивер преподавал на кафедре уголовного права, уголовного процесса и криминологии юридического факультета КазНУ имени Аль-Фараби дисциплины «Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан (общая и особенная часть) для студентов 3 курса с английским языком обучения.



На сегодняшний день он является главным редактором журнала проблем с наркотиками (Journal of Drug Issues). Это ежеквартальный рецензируемый медицинский журнал, охватывающий побочные эффекты лекарств, особенно незаконные наркотики. Он был основан в 1971 году и издается Sage Publications совместно с Колледжем криминологии и уголовного правосудия Университета Флориды.

Исследование Бивера исследует биосоциальные основы антисоциального поведения. Он использовал поведенческие генетические и молекулярно-генетические методологии, чтобы раскрыть гено-экологическую основу для целого ряда криминальных и преступных результатов. В прошлом он был лауреатом премии молодого ученого Американского общества криминологии имени Рут Шонл Каван

и стипендии Национального института юстиции для аспирантов. Бивер опубликовал более 314 статей и более 25 глав в книгах и является автором/редактором более 10 книг, включая «Биосоциальная криминология: Учебник». Его исследования публиковались в таких разнообразных журналах, как «Американский журнал общественного здравоохранения», «Биологическая психиатрия», «Криминология», «Психология развития» и «Сексуальное насилие».

Значительная часть в его работе занимают исследования в области биосоциальной криминологии, включая исследование о причинах антиобщественного поведения, он также исследовал связь между родительским поведением и детским интеллектом, а также потенциальную возможность генетических факторов способствовать академической успеваемости детей. Его исследование также обнаружило связь между редкой формой гена MAOA (известной как «ген воина») и агрессивным поведением и использованием оружия среди мальчиков.

Им опубликованы статьи в международных журналах, в том числе журналах с высоким импакт-фактором, индекс Хирша равен 50 по базе Scopus. Все 314 статей автора были опубликованы в журналах с квартилем Q1, Q2. Согласно базе Scopus его 4449 публикаций были процитированы 7 824 раз. Также он является обладателем нижеуказанных премии и стипендии:

На сегодняшний день Кевин М. Бивер является зарубежным

консультантом докторантов кафедры уголовного права, уголовного процесса и криминологии юридического факультета КазНУ имени Аль-Фараби. Консультирует докторантов в написании докторских диссертаций и активно участвует в их научно-исследовательской работе в области уголовного права, криминологии и уголовного процесса. Кроме этого, мотивируя докторантов заниматься научной деятельностью, Кевин М. Бивер оказывает наставническую поддержку и указывает нужные направления исследования в целях совершенствования диссертации и научных статей.

Вместе с этим он активно ведет исследовательскую работу с профессорско-преподавательским составом кафедры уголовного права, уголовного процесса и криминологии юридического факультета КазНУ имени Аль-Фараби. В результате опубликованы более 12 научных статей в научных журналах с квартилем Q1, Q2 на различные актуальные темы в сфере уголовного права, уголовного процесса и криминологии.

Кевин М. Бивер с профессорско-преподавательским составом кафедры и докторантами делает многое для того, чтобы Казахстан стал открытым современным обществом, для создания уголовно-правовой основы более активного включения страны в противоречивый, но объективный и неизбежный процесс глобализации.

Кайржан ТУРЕЖАНОВ

## Зарядная станция QUAT POINT

Зарядная станция QUAT POINT представляет собой устройство для зарядки электромобилей. Технология производства зарядных станций была разработана в 2015 году. С 2017 года было установлено более 50 станций QUAT POINT на территории Казахстана. На сегодняшний день поддерживается патент на зарядную станцию.

Ныне в Казахстане эксплуатируются более 300 электромобилей и это число постоянно растёт. По прогнозам в 2030 году численность электромобилей в Казахстане будет насчитывать около 1 000 000 единиц. Практика соседних стран показывает, что на 5 электромобилей в среднем требуется установка одной зарядной станции в общественном месте. Таким образом, к 2030 году в Казахстане необходимо установить более 200 000 зарядных станций по всем городам страны. По разработанной нашими учеными технологии сейчас ведется производство малыми партиями зарядных станций для электромобилей и устанавливается в городах Казахстана.

Одно из самых главных проблем при внедрении данной технологии является малая осведомленность людей об электро-



мобильном транспорте и зарядной инфраструктуре. Приходится постоянно вести просветительскую работу при встрече с потенциальными владельцами электромобилей.

Зарядные станции QUAT POINT устанавливаются на подземных паркингах жилых комплексов, в гаражах частных



домовладельцев, на территории автопарковок.

В зарядной станции QUAT POINT применяется алгоритм адаптивной зарядки, который позволяет зарядной станции регулировать ток зарядки в зависимости от загруженности питающей сети. Диагностика и мониторинг состояния зарядной станции производится с по-

мощью мобильного приложения через подключение по bluetooth.

Разработчики данной технологии впервые пересели на электромобиль в 2014 году. С тех пор на постоянной основе электромобиль эксплуатируется и заряжается от собственных зарядных станций. 7-летний опыт эксплуатации электромобиля показал, что это действительно



экологичный и экономичный вид транспорта. Проехав на одном электромобиле около 100 000 км, сохраняется около 10 тонн бензина. Конечно, было затрачено около 20 000 кВт\*ч электрической энергии, или 8 тонн угля из которого было выработана эта электроэнергия. Однако данный электромобиль потратил потребленную электрическую энергию без потерь, тогда как на производство 10 тонн бензина для ДВС, затрачивается не менее 30 000 кВт\*ч электрической энергии, т.е. больше чем необходимо электромобиле.

Р. УТЕБАЕВ,  
старший научный сотрудник  
Кластера наукоемких технологий



**Алдағы уақытта әлемде микробалдыр өндірісі жыл сайын тұрақты түрде өсіп отырады. Бұл – Future Market Insights компаниясының болжамы. Өйткені тұтынушылар арасында органикалық таза, құнарлы тағамдар мен биологиялық белсенді қоспаларға (ББҚ) деген сұраныс өсуде. Компания зерттеулерінде 2031 жылға дейін аталмыш нарық көлемі 135 млн АҚШ долларына жететіні көрсетілген. Микробалдыр өндірісіне қарқын беретін тағы бір сала – агроөнеркәсіп. Бұл секторда микроағзалардың көмегімен биологиялық стимулятор алу белең алып келеді.**

# Микробалдырлар әлемдік өнеркәсіпті өзгертпек

Енді микробалдырлар негізінде алынған экологиялық таза, табиғи биопрепараттар отандық өндіріске енбек. Университетіміздегі биология факультетінің деканы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Болатхан Заядан жетекшілік ететін ғылыми жоба да осы бағытта жұмыс істейді. «Микробалдырлар негізінде алынған аграрлық және тағам өнеркәсібінде қолдануға арналған биологиялық белсенді қоспалар мен биостимуляторларды өңдеу» деп аталатын бұл жобаның басты жаңалығы – көптеген салаға қажетті қауіпсіз биопрепараттар дайындау.

## НОУ-ХАУ

Ғалымның айтуынша, фототрофты микроорганизмдер тобына кіретін микробалдырлар мен цианобактериялар көптеген құнды биологиялық белсенді қосылыстардың көзі. Сондай-ақ аграрлық, медициналық, косметикалық және тағам өнеркәсібінде қауіпсіз биопрепараттар алуға үлкен қызығушылық тудырады. Олар адам мен жануарлар ағзасындағы қатерлі ісіктердің дамуын тежейтін иммуномодуляциялық, антиоксидантты, антиметаболизмдік әсерімен сипатталады. Микробалдырларға негізделген биологиялық белсенді қоспалар – табиғи, қолжетімді, экологиялық таза профилактикалық биологиялық өнімдер. Мұндай микроағзалар жағымсыз реакциялар туғызбайды, қолдануға қарсы көрсетілімдері жоқ.

## БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ББҚ

Бұл жобаның бәсекеге қабілеттілігі жоғарыда аталған микробалдырлардың ерекше қасиеттері және оларды өсіру технологиясының артықшылықтарымен айқындалады (арзан қоректік орта, күн сәулесі, қымбат емес жабдықтар). Ұсынылып отырған жобаның әзірге республикада баламасы жоқ. Микробалдырлардың биотехнологиясы АҚШ, Жапония, Үндістан, Ресей, Қытай, Чехия және әлемнің басқа елдерінде жақсы дамыған. Қазақстанда микробалдырлар және басқа фототрофты микроорганизмдер негізінде биопрепараттар өндіретін кәсіпорындар жоқ. Жобаның коммерциялық келешегі мол және коммерцияландырудың жоғары потенциалына ие. Микробалдырлардан дайындалған өнімдер агроөнеркәсіптік секторлар, оның ішінде құс фабрикалары, шошқа шаруашылығы, мал шаруашылығы фермалары, балық шаруашылығы және тамақ өнеркәсібі, фармакология, медицина секілді салаларда қолданылады.

Болатхан Қазыханұлы микробалдырлардан биостимулятор және ББҚ дайындау бірнеше кезеңмен жүзеге асырылатынын түсіндіріп берді. Ең біріншіден, микробалдырлар мен цианобактериялардың жаңадан бөлінген және коллекциялық штамдары биомассасының өнімділігі және биоактивті заттардың жинақталуы бойынша скрининг жүргізіледі. Ол үшін фототрофты микро-

организмдердің жаңадан бөлінген және коллекциялық штамдарының өсу қарқыны, биомассасының өсуі және олардың биоактивті заттардың жинақталу қабілеті зерттеледі.

– Ал тағамдық және медициналық емдік-профилактикалық биопрепараттар алу үшін микробалдырлар мен цианобактериялардың іріктелген штамдарының жасушаларында биологиялық белсенді заттарға, мәселен, аминқышқылдар, ферменттер, пигменттер (каротин, фикоцианин, фукоксантин), май қышқылдары, дәрумендер, полисахаридтер және т.б. биохимиялық талдау жүргізіледі. Фототрофты микроорганизмдердің штамдарын өсіру жағдайларын оңтайландыру өнімділікті арттыруға септігін тигізеді. Одан кейінгі кезеңде өнімділігі жоғары микробалдырлар мен цианобактериялар негізінде алынған биопрепараттардың патогенділігі мен ұйыттылығы бағалау. Мұндай биопрепараттардың биологиялық әсері айқындалып, патогенділік, ұйыттылық тұрғысынан қауіпсіздік критерийі бағаланатын болады, – дейді жоба жетекшісі.

Имуномодуляторларды алу үшін цианобактериялар мен микробалдырлардың іріктелген штамдарының биологиялық белсенділігі анықталады. Ал зертханалық жағдайда тәжірибелік жануарлардың организмне микробалдырлар мен цианобактериялардың шикі биомассасы негізінде алынған емдік-профилактикалық белсенді кешендердің әсері зерттеледі.

## ҚҰРАМЫ ҚҰНАРЛЫ

Ғалымның айтуынша, микробалдырлардың құрамында оңай сіңетін ақуыздың 50-70 пайызы (етте 50 пайызға дейін және бидайда 15-17 пайызға дейін), 30 пайызға дейін липидтер, 40 пайыздан астам глицерин, 8-14 пайызға дейін пигменттер, оның ішінде каротин бар.

– Ал В1, В2, В3, В6, В12, Е, К, D дәрумендерінің концентрациясы басқа өсімдіктермен немесе жануарлармен салыстырғанда жоғары. Азық-түлік микробалдырлары – ақуыздардың, маңызды аминқышқылдарының, фитостеролдардың, көмірсулардың, дәрумендердің таптырмас көзі. Оның құрамындағы полиқанқыпаған май қышқылдарында гамма-линолен қышқылының мөлшері көп. Одан бөлек, биоактивті қосылыстар мен басқа да пайдалы қосылыстар кездеседі. Олар бірегей биохимиялық және физиологиялық қасиеттерге ие. Сондай-ақ хлорофилл, альфа және бета-каротин, ликопен, лютеин, зеаксантин және астаксантин, фикоцианин сияқты пигменттерге бай. Антиоксидантты және ісікке қарсы қасиеттері негізінде медицина, тамақтану, нутрициология және косметика өндірісінде жиі қолданылады, – дейді Болатхан Қазыханұлы.

Жоба жетекшісі «Әлемдік тәжірибеде микробалдыр өндірісі қай салаға бағытталған және қандай нәтижелер көрсетуде?» деген сұрағымызға да жауап берді.

## ӘЛЕМДІК НАРЫҚТАҒЫ ОРНЫ

– Мәселен, Еуропалық комиссияның есебінде балдыр биомассасы, оның ішінде макро- және микробалдырлар жалпы биостимуляторлар нарығының 40 пайызын құрайды деп көрсетілген. Балдырлар фармацевтика, химия және тамақ өнеркәсібіндегі көптеген өнімдердің танымал шикізатына айналды. Соңғы 50 жылда

тауықтардың жұмыртқа өндірісін арттыру үшін биологиялық белсенді жемшөп қоспасын жасау. №0348.1/2013 ж., МПК А23К1/16, С12N1/12. Бройлер тауықтарының пайдасын арттыру үшін селенмен байытылған спирулина биомассасына негізделген жемшөп қоспасы. №0347.1/2013 ж. Патенттер алынды. Сонымен қатар алынған нәтижелер негізінде ғылыми жұмыстардың жария-

дерді қолданудың биотехнологиялық аспектілері туралы тек бірнеше ғылыми жұмыс белгілі, атап айтқанда: зертханалық және жартылай өндірістік жағдайларда микробалдырлардың кейбір белсенді штамдарын жемшөп қоспасы ретінде пайдалану үшін жаппай өсіру технологиялары қаражат жағынан әлі толық жолға қойылмай отыр, – дейді ол.



GEA – engineering for a better world (әлемді өркендетуге арналған инжиниринг) қатаң салалық стандарттарға сәйкес келетін ғылыми-зерттеу тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар мен жоғары сапалы өңдеу технологиялық стартаптар мен балдыр өндірушілерін қолдайды. Тапсырыс берушімен бірге GEA мал азығы мен тамақ өнеркәсібі үшін микробалдырлардан жоғары сапалы биомассаны коммерциялық өндіру үшін арнайы бөлу процесін жасады. Микробалдырлардың биотехнологиясы АҚШ, Жапония, Үндістан, Ресей Федерациясы, ҚХР, Чехия және әлемнің басқа елдерінде жақсы дамыған. Тамақ және медициналық биопрепараттар өндіру технологиясы негізінен АҚШ, Чехия, Жапония, Қытай сияқты елдерде және әлемнің басқа елдерінде әзірленген, – дейді академик.

Соңғы кездері тұтынушылар нарығында органикалық таза тағам түрлеріне деген сұраныс артып отыр. Бұл ауыл шаруашылығы субъектілерін тыңайтқыш түрлерін қайта қарауға итермелеуде. Ал ҚазҰУ мамандары даярлаған биостимулятор осы заман талабына толық сай келетіні дәлелденді.

## СТАНДАРТҚА САЙ САПА

Профессор Болатхан Заядан мырзаның айтуынша, микробалдырлар негізінде дайындалған биостимулятор ауыл шаруашылығы үшін тиімді. Өйткені мал шаруашылығында микробалдырларды ақуыз, дәрумендер және басқа физиологиялық белсенді заттардың көзі ретінде пайдалану жануарлардың бойында әртүрлі ауруларға төтеп бере алатындай иммунитет қалыптастырады. Ең алдымен витамин тапшылығына байланысты төзімділігін арттырады, метаболизм процестерін реттейді.

– Осылайша сатылатын өнімдердің көлемі мен сапасын арттыруға ықпал етеді. Осы жоба шеңберінде және саладағы алдыңғы зерттеулер бойынша *Spirulina platensis* цианобактериясы негізінде келесі патенттер мен мемлекеттік стандарттар алынды: ҚР ББҚ қапсуладағы *Spirulina-Life* денсаулық сақтау министрлігінің СТ ҒЗИ 399243387-2009 ж., Мем-стандартты. СТ 53281-1910-П-01-2013, МПК А23К1/16, С12N 1/12 спирулинамен байытылған нанға арналған мемлекеттік стандарт. Селенмен байытылған спирулина суспензиясы негізінде

ланымдары (монографиялар, мақалалар, оқу құралдары) жарияланды. Бұл ұсынылған жобаның тақырыбы бойынша зерттеу тобы жасаған ғылыми жұмыстың дәлелі, – дейді жоба жетекшісі.

## АБИОТИКАЛЫҚ СТРЕСКЕ ТӨЗІМДІЛІКТІ АРТТЫРАДЫ

Ғалым микробалдыр биомассасының биостимуляторлық белсенділігі алғашқы метаболиттердің, аргинин мен триптофан секілді негізгі аминқышқылдарының, витаминдердің, пролин, глицин бетаин атты осмолиттердің және β-глюкан аталатын полисахаридтердің құрамымен байланысты екенін айтты.

– Бір қызығы, Charophyceae, Chlorophyceae, Trebouxiophyceae және Ulvophyceae тұқымдастарына жататын микробалдырлардың бірнеше штамдары фитогормондарға ұқсас белсенділікпен ерекшеленді. Оның ішінде ауксиндер, цитокининдер, гиббереллиндер, абсцис қышқылы және брассиностероидтар бар. Микробалдырлардағы табиғи фитогормондар өсімдіктердің өсуін, өнімділігі мен қорғаныс реакциясын жақсартудың маңызды факторлары. Әсіресе абиотикалық стресстен қорғануды жоғарылату мүмкіндігі ретінде қарастыруға болады. Сонымен қатар бұл потенциалды агенттерді қолдану абиотикалық стресстің тұздылығы мен құрғақшылық сияқты зиянды әсерін төмендетуі мүмкін, – дейді профессор Б.Заядан.

## «ОТАНДЫҚ ӨНДІРИСКЕ ЕНГІЗЕ АЛАМЫЗ»

Болатхан Қазыханұлының айтуынша, азық-түлік және медициналық препараттарды жасау үшін фототрофты микроағзаларды қолдану бүгінгі күннің талабы. Өйткені мұндай микроағзалардан жаңа диеталық қоспалар мен иммуностимуляторларды жасауға болады. Бұл салада қолданбалы зерттеулер жүргізе отырып, жаңа биопрепараттарды алу мүмкіндігі бар.

– Қазақстан жағдайында біздің жобамызды технологиялық іске асыруға кедергі жоқ. Егер тиісті қаржыландыруға қол жеткізсек, командамыз осы биопрепараттың сынамалық партиясын өндіруді жолға қоюға дайын. Ал дайын болатын өнімді сату үшін коммерциялық компаниялардың қолдауы қажет. Себебі біздің елде фототрофты микроорганизм-

## ӨНЕРКӘСІПКЕ ӨҢ БЕРЕДІ

Микробалдырларды өнеркәсіптік өсіру саласындағы зерттеулер өткен ғасырдың 60-70 жылдарында белең ала бастаған.

– Алайда бүгінгі күннің өзінде, фототрофты биотехнологиялардың дамуындағы жетістіктерге қарамастан, микробалдырлардың ғылымға белгілі 30 мыңнан астам түрі толық зерттелмеген. Микробалдырлар биотехнологиясының экономикалық аспектілерінің одан әрі дамуы бірқатар салаларға әсер етеді: фармакологиялық белсенді препараттар, косметикалық және диеталық өнімдер, жасушалық инженерия, қоршаған ортаны қалпына келтіру технологиясы және т.б. Микробалдырлар қауіпсіз әрі көптеген құнды қосылыстардың көзі деуге болады. Сондықтан аграрлық, медициналық, косметикалық және тамақ өнеркәсібінде үлкен қызығушылық тудырады. Олардың адам мен жануарлар ағзасындағы қатерлі ісіктердің дамуын тежейтін иммуномодуляциялық, антиоксидантты, антиметаболизмдік әсері бар. Осы организмдерге негізделген биологиялық белсенді қоспалар табиғи, қолжетімді, экологиялық таза профилактикалық биологиялық өнімдер болып табылады. Жағымсыз реакция туғызбайды, қолдануға қарсы көрсетілімі жоқ, – дейді жоба жетекшісі.

Микробалдырлар бактерияға, зеңге қарсы, цитотоксикалық, иммуносупрессивті, аллергияға қарсы қасиеттері және вирусқа қарсы белсенділігі сияқты әртүрлі биологиялық әрекеттерімен танымал.

Микробалдырлар биомассасына негізделген биостимуляторлар, әсіресе табиғи ресурстарға рұқсат етілген «Органикалық ауыл шаруашылығы» жағдайында құнды құрал болып табылатынын атап өту керек.

Болатхан Қазыханұлының айтуынша, микробалдырларға негізделген биологиялық белсенді қоспаларды алу экономикалық тұрғыдан тиімді.

– Өйткені оларды өсіру үшін қымбат жабдықтар мен қоректік орта қажет емес. Дақылдардың өсуі мен байытылуы минералды тұздардан тұратын сұйық қоректік ортада жүргізіледі. Микробалдырлар дақылдары тұздардың өте аз мөлшердегі құрамындағы Тамия және 04 стандартты қоректік ортада өседі. Цианобактериялардың штамдары BG-11, Заррук және Громов сұйықтық ортада жасаңды жарықтандыру кезінде өсіріледі. Ал аэрация ВЕУО air compressor әуе сорғысының көмегімен жүргізу жоспарлануда. Жаңа асенникалық дақылдарды бөлу және оларды сақтау стандартты әдістерге сәйкес жүзеге асырылады.

Жалпы тұжырымдап айтқанда, микробалдырларды өсіруге қолданатын стандартты қоректік орталардың құрамы мен өсіру жағдайларының физиологиялық ерекшеліктеріне тығыз байланысты.



**Далеко не праздный и не риторический вопрос: какие причины становятся факторами зарождения и многолетнего становления славных трудовых, творческих династий, от которых в целом выигрывает весь народ, вся страна, ведь традиции, которые складываются в такой семейной общине, качественно особые, неповторимые, это сплав духовной преемственности, семейных заветов и принципов, нравственного обучения, ответственности, перенятых детьми от родителей, которые, в конечном счете, приводят к прекрасному результату – трудовым достижениям национального значения. Для вящего примера можно было бы долго перечислять известные династии. Все же, кажется, достаточным назвать творческие семьи Л.Андреева, Н.Гумилева, Б.Момышулы, К.Сатпаева, А.К.Жубанова и мн. др. Упомянутый вопрос в полной мере можно отнести и к семье академика, доктора технических наук, профессора Джолдасбекова У.А., который, прежде всего, известен всему народу как организатор и строитель Казахского Государственного университета им. С.М.Кирова.**



## Верной тропой по стопам славных родителей

Мы не ставим себе задачу – поиск таких факторов, среди которых, тем не менее, не последнюю роль играет генетический. Все же хочется назвать среди главных моментов – нравственно-психологический, то есть особое осознание детьми своей ответственности перед заслугами родителей, понимание значения их труда, вклада в общественное благо, которое надо развивать, обогащать, продолжая эстафету в будущем. Поэтому еще раз обратим внимание на родителей Б.У. Джолдасбековой.

У.А. Джолдасбеков – признанный всем научным миром ученый-механик, доктор технических наук, профессор, академик НАН РК, академик Международной Инженерной академии и инженерной академии республики Казахстан, лауреат государственной премии, основоположник фундаментальной теории механизмов и машин в Казахстане. Им созданы принципиально новые направления в инженерной мысли и теории машин высокого уровня. Он одним из первых в Казахстане предпринял попытку создать принципиально новую парадигму развития цивилизации вчерашних кочевников, направив ее по пути новейшей техники и оборудования, в частности роботостроения. Эту попытку надо оценить по достоинству, она до сих пор сохраняет свою актуальность и напоминает по масштабу строительство самого университета. Он автор более 700 научных трудов, среди которых 12 только монографий фундаментального профиля и 30 учебников. Примечательно, что Баян Умирбековна родилась в один день с Умирбеком Арслановичем – 1 марта.

М.М. Багизбаева, академик, доктор филологических наук, профессор, много лет возглавляла кафедру русской и зарубежной литературы КазГУ им. С.М.Кирова, общественный деятель, автор множества трудов, в том числе фундаментальных монографий по русскому фольклору. Нет никаких сомнений в том, что она по своему призванию являлась учителем и настав-

ником с большой буквы, оставившим после себя основательную научную школу, которая успешно трудится в стенах как самого университета, так и многих вузов Казахстана, в том числе за рубежом. М.М. Багизбаева была человеком возвышенной души, добрым, отзывчивым, внимательным по отношению к коллегам, особенно к ученикам. Обладая красивым звучным голосом, она читала лекции с каким-то особым духовным настроем, эти ее эмоционально окрашенные занятия тоже воспитывали нас, студентов и аспирантов, оставляли незримые следы на сердце, которые властно потом влекли в науку и творчество.

Глядя на Баян Умирбековну Джолдасбекову, невольно думаешь о том, что мать передала свои лучшие качества дочери. Можно написать целый роман, думая о том, как это произошло. Все же по-человечески понятно, что это сделала большая любовь, душевная связь матери и дочери, самая крепкая на свете связь. Профессия, которую она выбрала себе, – филология, то есть наука о словесности, искусстве слова, конечно, требовала именно такого качества – преданной любви, а также глубокого понимания, что это наука – совершенно особая, одна из главных, это не только изучение всех феноменов художественного языка, но и верный путь к человековедению, к художественной антропологии. В филологию, литературоведение приходят обычно по зову сердца, кто знает, быть может, это скрытое веление Логоса, мощное, неодолимое. Действительно, есть над чем задуматься человеку. Исследователям других видов искусства легче, их объект специфичен и даже, порой, нагляден, например, живопись, архитектура, скульптура. Искусство слова намного сложнее, абстрактнее, многообразней в формах и, как и музыка, глубже уходит в мир квантовых явлений. По сравнению с другими видами искусства оно сильнее влияет на генезис человечества.



Багизбаева М.М., академик ВШРК, д.ф.н., профессор

Баян Умирбековна Джолдасбекова выбрала литературоведение, конечно, в этом выборе сказались судьбоносные уроки матери, которая была прекрасным филологом, высокопрофессиональным литературоведом. Тем не менее, ее путь в филологию не был прямым, в нем ощущаются поиски, раздумья. Обратим внимание на факты ее биографии: в 1988-92 гг. она занимала должность младшего научного сотрудника Института литературы и искусства им. М. Ауэзова АН КазССР. В 1993-98 гг. – начальник отдела кадров Национальной компании «Интурист Казахстан». В 1998-2001 гг. – консультант отдела международных связей и протокола Мажилиса РК. С декабря 2000 по март 2003 года – ректор университета мировой литературы и журналистики. С 2003 по 2007 год – проректор по международным связям и языкам университета им. Кунаева. С этого года намечается знаменательный поворот в ее судьбе: в 2003 году она становится доцентом кафедры русской и зарубежной литературы КазНУ им. Аль-Фараби, то есть возвращается в филологию. Защита докторской диссертации состоялась 19.10.2006г. Тема диссертации: «Русская эпическая проза Казахстана 20-70-х годов XX века». С 2007 – 2008 гг.

Б.У. Джолдасбекова – профессор кафедры теории, мировой литературы и фольклористики, с 2008-2020 – заведующий кафедрой русской филологии, русской и мировой литературы, с 2020 – по настоящего время декан филологического факультета КазНУ им. Аль-Фараби.

На сегодняшний день Б.У. Джолдасбекова – руководитель крупного коллектива ученых и преподавателей, докторантов, это один из самых крупных факультетов КазНУ. Руководить таким заслуженным и авторитетным коллективом – дело не легкое, скажем честно, очень сложное. Однако, Баян Умирбековна хорошо справляется с этим делом, и здесь, конечно, опять-таки сказывается школа отца и матери, то есть заветы семейной преемственности, о которых мы говорили в самом начале. Ей, прежде всего, помогают человеческие качества, которыми ее щедро наградила природа и выпестовали родители: доброта, отзывчивость, внимательность к людям, заботливое отношение к молодежи, большая ответственность и присущая творческой личности способность к импровизации, поиску.

Ее любят не только ученики, но и молодежь всего факультета, преподаватели, докторанты, магистранты, студенты. Молодежь

тянется к ней, чувствуя, что в груди этого человека бьется большое, доброе сердце, отзывчивое, открытое диалогу. А ведь это самое главное в жизни – постоянно говорить с людьми, чувствовать их души, соучаствовать в их жизни. Именно это и есть главная сфера университетского обучения. Поэтому можно сказать, что Б.У. Джолдасбекова находится не только в гуще жизни, но и что она занята самым главным делом в человеческом универсуме – она обучает, отдавая людям душу и сердце. Когда человек от всего сердца участвует в творчестве жизни, посвящая ей самую душу, жизнь не может не одаривать его. У Б.У. Джолдасбековой хорошие достижения, которыми можно гордиться. Она автор множества трудов, в том числе таких монографий, как Русская литература Казахстана. – Алматы: Қазақ университеті, 2008г. (23 п.л.); Авторский дискурс прозы Ю.О. Домбровского в контексте современной казахстанской прозы о художнике. – Алматы: Қазақ университеті, 2013 (14 п.л.); Антология русскоязычной литературы Казахстана. – Алматы: Қазақ университеті, 2014 (14 п.л.) и др., а также целого ряда учебников. Она получила заслуженное признание научной общественности как в Республике Казахстан, так и за рубежом. Ее научные труды печатаются за рубежом в престижных изданиях. Со временем к ней пришли и почетные знаки признания ее заслуг и достижений перед государством. Она – член-корреспондент НАН РК, научная степень доктора филологических наук признана в России. За особые заслуги в области образования Республики Казахстан награждена нагрудными знаками «Лучший преподаватель вуза» (2008 г., 2014 г.), нагрудным знаком «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» (2014), «Лучший преподаватель КазНУ им. Аль-Фараби», «Почетной грамотой от Президента РК Н.А. Назарбаева (2015 г.), Нагрудным знаком «Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 75 жыл» (2009 г.), Юбилейной медалью «Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 80 жыл» (2014 г.), Медалью «Ерең еңбегі үшін» (2019 г.), Золотой медалью «Бірлік» Ассамблеи народа Казахстана (2021 г.), Серебряной медалью КазНУ имени Аль-Фараби (2021), Грамотами и благодарственными письмами от МОН РК, КазНУ им. Аль-Фараби, РУДН, Союза писателей Республики Беларусь. Обладатель Государственной научной стипендии для ученых и специалистов, внесших выдающийся вклад в науку 2021г.

Творческие силы Баян Умирбековны Джолдасбековой в полном расцвете. Она воспитала прекрасного сына, рядом с ней супруг-единомышленник, то есть реализована во всех важнейших сферах человеческой жизни. Отмечая славный юбилей, пожелаем ей дальнейших успехов в науке, образовании, творчестве, общественной деятельности.

**Аслан ЖАКСЫЛЫКОВ,**  
член союза писателей РК,  
доктор филологических наук,  
профессор кафедры русской  
филологии и мировой  
литературы



## ҚазҰУ – әлемге ашылған қақпа

ҚазҰУ – Жер шарының әр түкпірінен түрлі ұлттар мен ұлыстар келіп, ілім-білім алып, тәжірибе алмасып жатқан жоғары оқу орны. Білім қақпасы әлемге ашылған оқу ордасына қызығушылық танытып, оқуға келіп жатқан шетелдік студенттердің қарасы көп. Кейіпкеріміз Ахмад Хамед Наяб ҚазҰУ-ды таңдаудағы басты себебі мен оқу ордасы туралы ой-пікірімен бөлісті.

Ахмад Хамед Наяб – Ауғанстан тумасы. Жасы 32-де. Ол 2013 жылы Ауғанстанда Кабул медициналық университетінде стоматология факультетін бітірген. 2013 жылдан осы уақытқа дейін Ауғанстанның Кабул қаласында орналасқан Кабул медициналық университетінде оқытушы болып жұмыс атқарып келеді. 2019 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға медицина саласындағы магистратураға оқуға түсіп, оны 2021 жылы тамамдады. Бүгінде ЖОО-ға дейінгі дайындық факультетінде оқуын жалғастыру үшін тағы да Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды таңдаған.

– Менің Қазақ ұлттық университетін таңдауымның көптеген себебі бар. Бірінші себеп – ҚазҰУ-дың әлемдегі ең үздік топ-200 оқу ордасының қатарындағы рейтингтік көрсеткіші. Екінші себебі – білім ордасы оқытушы-профессорларының беріп жатқан білімі жоғары дәрежеде. Мұнда студенттердің терең білім алуына барлық жағдай қарастырылған. Қолданыстағы заманауи технологиялар да өте сапалы деңгейде. Дегенмен бүкіл әлемде карантин талаптары орын алды. Осындай шақта ҚазҰУ оқу процесін қалыптастырып негізде жалғастыра білді. Ал басқа шетелдік университеттердің көпшілігі бұл мәселеде сәтсіздікке ұшырап, білім беру үдерісін жалғастыра алмады. Тағы бір себеп – ұстаздар өз саласы бойынша өте білікті, сонымен қатар өздерін әрдайым жан-жақты дамытуға құштар. ҚазҰУ-дың ортасы, аумағы өте үлкен, оқуға, білім алуға мүмкіндіктер жан-жақты қарастырылған. Біз кез келген жерде отырып, дәріске дайындығымызды бастай аламыз, – деген Ахмад Хамед Наяб өзінің осы университетте оқып жатқанын мақтан тұтатынын айта отырып, PhD докторантураны да осы оқу ордасында бастау жоспарында бар екенін тілге тиек етті.

– ҚазҰУ жатақханалары да өте жайлы. Оған дәлел – менің осындағы жатақханада тұратыным. Дәлірек айтсам, мен отбасыммен, яғни келіншегім, балаларыммен бірге ҚазҰУ жатақханасына қоныстандық. Оқу орнының басшылығы, қызметкерлері бізге жатақхана беріп, жағдайымызды жасады. Мен көп пайдаланатын орталықтың бірі – кітапхана. Әл-Фараби кітапханасы – оқуға көңіл бөліп, ізденісінді арттыруға арналған тамаша орын. Үлкен компьютер экрандары және сонымен бірге процессорға бекітілген үш үлкен монитор кейбір жобаларыма зор септігін тигізді, – дейді Ахмад. Ол өзінің сан түрлі ұлттар шоғырланған елде халықпен етене араласып жатқандықтан, бірнеше тіл білгенді жөн санайтынын айта кетті. Магистратурада ағыл-



шын тілі бойынша сабақ алып, бірақ тәжірибе үшін қазақ және орыс тілдерін білу қажет деп есептейді. Сондықтан бүгінгі таңда орыс тілін үйренуге көптеп көңіл бөлуде.

Ал біздің «Сіздің мемлекеттегі оқу бағдарламасы мен ҚазҰУ оқу бағдарламасының айырмашылығы неде?» деген сауалымызға қысқа да нұсқа:

– Өз елімдегі университеттер мен ҚазҰУ арасындағы оқу жоспарының аса бір айырмашылығы жоқ, өйткені менің елімде де несиелік жүйені қолданады. Ауғанстанның бағалау жүйесінде бағаларды пайызбен есептейтіндей ғана айырмашылығы бар, – деп жауап берді.

Ол ҚазҰУ-ға келген алғашқы жылдары студенттер, ұстаздармен бірге Қазақстанның әсем табиғатын аралап, түрлі саяхатқа шыққандарын сағына еске алды. Республика сарайына концертке барғанын және Үлкен Алматы көлін көріп таңғалғанын, сол секілді т.б. мәдени гастрольдік сапарларда қазақ халқының тарихы мен тұлғасын да тереңірек білгенін айта отырып, дәріске дайындығымызды бастай аламыз, – деген Ахмад Хамед Наяб өзінің осы университетте оқып жатқанын мақтан тұтатынын айта отырып, PhD докторантураны да осы оқу ордасында бастау жоспарында бар екенін тілге тиек етті.

– ҚазҰУ – мен үшін әлемге ашылған қақпа. Мен осындай әлемнің ең белді университеттерінің бірінде оқып жатқанымға қуаныштымын. Әрине, осынау альма-матерде білім алып қана қоймай, түрлі арман-мақсаттарыңды жүзеге асыруға, ғылыми жаңалықтар ашып, спортпен де шұғылдануға, әрі білім алу жолында түрлі тәжірибе жасауға да үлкен мүмкіндіктер қарастырылған. Сол үшін қолымдағы бар осы нығметтерді дер кезінде пайдаланып қалу үшін уақытымды тиімді жұмсауға тырысудамын. Бізге осындай мүмкіндіктер сыйлаған оқу ордасының басшылығы мен ұстаздар қауымына алғысым зор, – деп сөзін түйіндеді шетелдік студент.

Нұрбек  
НҰРЖАНҰЛЫ

### ■ Жауқазын жыр

«Кемені қалай атасаң, солай жүзеді» деген сөз бар. Жас ақын Мейірім Әбдіғұлдың жырлары мөлдір махаббат пен тұнық сезімге толы. «Адам» деген жалпы ұғым болса, бәріміз соны толықтырумен келеміз. Сұлулықтың елісі, шынайылықтың күзетшісіндей оның жырларындағы рух пен мазмұнның әлгі «ұғымға» қосар өз үлесі бар. Поэзияның ішкі тәртібі мен ережесі қатаң. Сақау қыздың құрмалас сөйлеміндей рельефтен шығып кетуге болмайды. «Бунтар ақын» атанған Махамбет те өлеңдегі буын мен бунақ заңдылығына бағынған. Ақын қарындасымыз осы қағидатты берік сақтайды. Тілі кестелі, ойы жаттық. Жас жүректің болашағынан үлкен үміт күтеміз. Сәт санап!

Бекжан ӘШІРБАЕВ,  
ақын, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, ҚЖО мүшесі



## Сүрінбеші, тағдырым...

Қарайлаумен тұрдым ұзақ айнаға,  
Күрсінуден қалдым біраз ойлана.  
Сыналумен жер басатын пендеміз,  
Біз пендеміз жай ғана...

Біз пендеміз,  
Сезінеміз барлығын,  
Ауыр сынның көгереміз нар жүгін.  
Мен сүрініп қалсам-дағы қиналып,  
Сен сүрінбе,  
сүрінбеші, тағдырым!

Сан сурақпен кейде өзімді алдадым,  
Жанарыма жас сыйлаған таңдарым.  
Аяғымнан шалған талай кейбіреу,  
Бәрі құрсын,  
адам болу – арманым!

Қаншама рет жамау алған жүрегім,  
Саған қиын, оны мен де білемін.  
Бұдан бұлай жыламаймын, күрсініп,  
Бұдан бұлай тек күлімдеп жүремін!

Жанарыңнан көрінеді шәлі мұң,  
Саған оны сыйлады екен тағы кім?  
Мұңды ұмытып, сәл жымышы, өтімем,  
Еш себепсіз күлімдеші, жарығым.

Қылығыңа теңер едім күн, айды,  
Атқан таңдай тым ерекше, шырайлы.  
Ал күлгенің бір ғажайып әңгіме,  
Маған сенің күлкің қатты ұнайды.

Естіледі күміс күйдің күмбірі,  
Естіледі мөлдір бұлақ сылдыры.  
Сенің мына тым ерекше күлкіңнің,  
Өзгертеді бар әлемді сыңғыры.

Жанарыңа тамсанады арайлы,  
Күллі әлем келбетіңе қарайды.  
Ең бастысы, көңіліңді түсірме,  
Аз да болсын жымисаң да жарайды...

Мейірім ӘБДІҒҰЛ,  
журналистика факультетінің  
2-курс студенті

### ■ Эссе

## Сырыма қанық бол, сыршыл мекен

Сол бір көктем әлі есімде. Осы мезгілде табиғат көркі нурланып, күллі тіршілік иелері жаңғыра, жанара түседі. Ал сол көктем мені саған жетелеген болатын. Сол көктемде алғаш табалдырығыңды аттаған сәттен бастап мен өзіңнен сәттен бастап мен өзіңнен нымды елестеткенмін. Бүгінде ол ойым шынайыға ұласып, студентің атандым.

Оқу орнын таңдау үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Мен өзіңді таңдау жолында еш өкінген емеспін. Қоғамға лайық білікті де білімді маман болып шығуымды бір өзіңмен байланыстырдым. Сенің берер барлық мүмкіндіктеріңді пайдалануға тырысудамын. Тақырыпқа арқау еткенімдей, өзіңе шертер сырымды парақ беттеріне түсіруді шештім. «Қалам ата» қолдасын деп ниет еттім. Сырыма қанық бол!

Әр адамның жан дүниесінде тамыр жайған арманы бар. Дәл солай «Арманымды өзінде еңселі етемін!» деген бала арманым күн санап өсуде. Өзіңнің студентің атанғалы көп нәрсені ойлайтын болдым. Өзіңде өтетін студенттік шақтарым мәнді де мағыналы, өмір бойына еске алып өтетіндей сыр шертер естелік болып жадыма сақталып қалаты-

нына еш күмәнім жоқ. «Қиял қыз» болғасын да өзіңді қиял жетегінің биігіне шығарамын. Жанарым сенің сұлулығыңды мойындаса, ақылым сен беретін барлық мүмкіндікті мойындайды. Құдіретке иесің, қара шаңырақ. Киелісің. Ыстықсың. Бәрін бір өзіңе тартып тұрар тылсым күшің бар. Соның үшін де мен сенен өзге оқу ошағын мойындай алмадым. Биіксің. Білесің бе? Кейде студенттік шағым өзінде мәңгі өтпейтініне налимын. Өз заңдылығы бар өмір болған соң, не шара?! Айтпақшы, сені қалашық ішіндегі әр шыршадан қызғанатын болыппын. Оларға қарап қызығамын. Неге дейсің ғой? Бірер жылдан кейін оқу бітіремін. Сенен кетемін. Ал өзінде қалатын сол бір жапжасыл шыршалар. Жастық шағым мәңгілік емес, ал шыршалар мәңгі сенімен бірге. Міне, мендегі пайда болған осы қызғаныш сезімі өзіңе деген махаббаттың әсерінен болар.

ҚазҰУ, білесің бе? Өзіңді алғаш көрген сәтте менің сезімген сезімім мен алған әсерімді сөзбен айтып жеткізе алмаппын-ау. Бейне бір энергия сымдарына оранғандай күйде болғаным есімде. Көз жасымды көрсете бермейтін жанның бірі едім. Сен сол күні менің көз



жасымның күзегі болғансың. Кітапханада өткен «Болашақ баспагер, редактор, дизайнер» деген байқаудың жүлдегері бола алмағаным үшін қатты ренжігенім де бар саған. «Енді қатыспаймын!» деп ағыл-тегіл жылап, ашудымды баса алмағаным есімде. Бірақ сен мені өзіңе жіпсіз байлап қойған екенсің. Оны мен кейін білдім.

ҚазҰУ, сен – талантты, дарынды студенттерді құшағыңа сыйдыра білетін мекенсің. Сыйластық пен шынайы достықтың, адамның тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін және тұлғаның жан-жақты қабілетін ашып, күллі жұртқа көрсетуіне мүмкіндік беретін киелі ордасың. Сол себепті де мен өзімнің сенің орданда жүргенімді өмірімдегі ең үлкен «бақытты шақ» деп санаймын.

Динара БОРАНБАЙ,  
журналистика факультетінің  
2-курс студенті



# Мерекелік концерт көңіл серпілтті



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты шара өтті. Басқосуда ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев әйелдер қауымын мерекелерімен құттықтап, нәзік жандардың қоғамдағы орнын айрықша атап өтті.

Кеш барысында университет дамуына үлес қосқан 20-ға жуық әйел оқытушы, қызметкерлер «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Айта кету керек, университет басшысының бұйрығымен білім ордасындағы барлық ханымдарға, мерекеге орай, 40 мың теңгеден сыйақы берілді.

Салтанатты жиын кон-

церттік бағдарламамен жалғасын тапты. Сонымен қатар университеттің жігіттер қауымы дайындаған мерекелік концерт ханымдарға көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Жиын соңында университет ректоры Жансейіт Түймебаевтың атынан салтанатты шараға қатысушы әйелдер қауымына ықылас гүлдері ұсынылды.

Суреттерді түсірген  
Марат ЖҮНІСБЕКОВ



## ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
Басқарма Төрағасы – Ректоры  
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Ақпарат және коммуникациялар  
департаментінің директоры

**Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

**Бас редактор:** Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

**Жауапты хатшы-дизайнер:** Талғат КІРШІБАЕВ

**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН,  
Кәмила ДҮЙСЕН,  
Нұрбек НҮРЖАНҰЛЫ

**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ

**Корректор:** Күләш ҚАДЫРБАЕВА

## МЕКЕНЖАЙЫ:

• 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:  
**kaznugazeta@gmail.com**

• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Қазақ университеті» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Кәмила ДҮЙСЕН

Бағасы келісім бойынша.

**Газетке жазылу индексі: 64787**

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.